

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 ақпан N 177. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.20. N 565 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шаруашылық серіктестіктерінде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және мемлекеттік қатысудың үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 29, 285-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Министрліктер мен агенттіктер шаруашылық серіктестіктерінде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және мемлекеттік қатысудың үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асыру к е з і н д е : " ;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қосымшаға сәйкес Комитетке ақпарат беруді қамтамасыз етсін";

осы қаулыға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын;

2) 2-тармақ "салалық министрліктер" деген сөздерден кейін "(өзге де мемлекеттік органдар)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы
7 ақпандағы N 177
қаулысына қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
29 маусымдағы N 882
қаулысына қосымша

Министрліктер мен агенттіктердің Қазақстан Республикасы

жедел есептілік

ішінде

кейін 45 күннің

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК